



**FREEDOM
BROKER**

Публичная компания
FREEDOM FINANCE GLOBAL PLC
жария компаниясы

*РЕГЛАМЕНТ ОКАЗАНИЯ БРОКЕРСКИХ
(АГЕНТСКИХ) УСЛУГ НА РЫНКЕ ЦЕННЫХ
БУМАГ*

*БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДА
БРОКЕРЛІК (АГЕНТТІК) ҚЫЗМЕТТЕР
КӨРСЕТУ РЕГЛАМЕНТІ*

[Версия: 28.05.2026]

[Нұсқа: 28.05.2026]

Оглавление

Мазмұны

№	НАИМЕНОВАНИЕ РАЗДЕЛА	БӨЛІМНІҢ АТАУЫ
1	ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ
2	ФИНАНСОВЫЕ УСЛУГИ КОМПАНИИ	КОМПАНИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРІ
3	КЛАССИФИКАЦИЯ КЛИЕНТОВ	КЛИЕНТТЕРДІ ЖІКТЕУ
4	СЧЕТ КЛИЕНТА	КЛИЕНТТІҢ ШОТЫ
5	ОСНОВНЫЕ РИСКИ, СВЯЗАННЫЕ С ИНВЕСТИРОВАНИЕМ В ФИНАНСОВЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ НА МЕЖДУНАРОДНЫХ ФИНАНСОВЫХ РЫНКАХ	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ НАРЫҚТАРЫНДА ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР
6	КЛИЕНТСКИЕ ПОРУЧЕНИЯ И ОТЧЕТНОСТЬ КОМПАНИИ ПЕРЕД КЛИЕНТОМ	КЛИЕНТТІК ТАПСЫРМАЛАР ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ КЛИЕНТ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПТІЛІГІ
7	ПРАВИЛА СОВЕРШЕНИЯ СДЕЛОК С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МАРЖИНАЛЬНЫХ ЗАЙМОВ	МАРЖАЛЫҚ ҚАРЫЗДАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП МӘМІЛЕ ЖАСАУ ҚАҒИДАЛАРЫ
8	ПРАВИЛА СОВЕРШЕНИЯ СДЕЛОК, ЯВЛЯЮЩИХСЯ ПРОИЗВОДНЫМИ ФИНАНСОВЫМИ ИНСТРУМЕНТАМИ	ТУЫНДЫ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН МӘМІЛЕЛЕРДІ ЖАСАУ ҚАҒИДАЛАРЫ
9	УЧЕТ, ХРАНЕНИЕ И ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ДЕНЕЖНЫХ СРЕДСТВ И ФИНАНСОВЫХ ИНСТРУМЕНТОВ	ҚАРАЖАТТЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ
10	СИСТЕМА ИНТЕРНЕТ-ТРЕЙДИНГА	ИНТЕРНЕТ-ТРЕЙДИНГ ЖҮЙЕСІ
11	ОПЛАТА УСЛУГ И ВОЗМЕЩЕНИЕ РАСХОДОВ КОМПАНИИ И ТРЕТЬИХ ЛИЦ	КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШЫҒЫСЫН ӨТЕУ
12	ВЗАИМОЗАЧЕТ ОБЯЗАТЕЛЬСТВ	МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ӨЗАРА ЕСЕПКЕ АЛУ
13	БЕЗДЕЙСТВУЮЩИЕ СЧЕТА	ӘРЕКЕТСІЗ ШОТТАР
14	КОНФЛИКТ ИНТЕРЕСОВ	МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ
15	ОТВЕТСТВЕННОСТЬ	ЖАУАПКЕРШІЛІК
16	РИСКИ И ОТВЕТСТВЕННОСТЬ КЛИЕНТА	КЛИЕНТТІҢ ТӘУЕКЕЛІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
17	ПОЛОЖЕНИЯ О ПРЕДОТВРАЩЕНИИ ОТМЫВАНИЯ ДЕНЕГ	АҚШАНЫҢ ӘКЕТІЛУІН АЛДЫН АЛУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

18	СПОСОБЫ И ПРОЦЕДУРЫ КОММУНИКАЦИИ	КОММУНИКАЦИЯ ТӘСІЛДЕРІ МЕН РӘСІМДЕРІ
19	КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТЬ И ЗАЩИТА ПЕРСОНАЛЬНЫХ ДАННЫХ	ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІҢ КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОРҒАУ
20	ПОРЯДОК РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ	ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ
21	СРОК ДЕЙСТВИЯ, ИЗМЕНЕНИЕ И ПРЕКРАЩЕНИЕ ПРАВООТНОШЕНИЙ СТОРОН	ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ, ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ
22	NASDAQ GLOBAL DATA	NASDAQ GLOBAL DATA
23	НАСЛЕДОВАНИЕ АКТИВОВ	АКТИВТЕРДІ МҰРАҒА АЛУ
A	ПРИЛОЖЕНИЯ	ҚОСЫМШАЛАР

1 ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Настоящий Регламент оказания брокерских (агентских) услуг на рынке ценных бумаг (далее – "**Регламент**") определяет порядок и условия предоставления компанией **Freedom Finance Global PLC** (далее – "**Компания**") брокерских (агентских) услуг физическим и юридическим лицам (далее – "**Клиент**").

Условия применимости положений настоящего Регламента к Розничным клиентам установлены в Приложении 5 к Регламенту.

Условия применимости положений настоящего Регламента к Профессиональным клиентам, установлены в Приложении 10 к Регламенту.

1.2. Далее по тексту настоящего Регламента Компания и Клиент раздельно упоминаются как "Сторона", вместе именуются "Стороны".

1.3. Общие сведения о Компании
Наименование: Freedom Finance Global PLC
Бизнес идентификационный номер: 200240900095
Дата регистрации: 14 февраля 2020 года
Регистрирующий орган: Комитет Международного финансового центра "Астана" по регулированию финансовых услуг

Контактные данные Компании:
Телефон: +7 7172 67 77 55 или 7555 (бесплатно со всех операторов)
E-mail: info@fbroker.kz
Вебсайт: <https://fbroker.kz/>
Адрес Компании доступен на вебсайте Компании: <https://fbroker.kz/>

100% акций Компании принадлежат компании Freedom Holding Corp., зарегистрированной по адресу: 1930 Village Ctr. Cir. #3-6972, Las Vegas, Nevada 89134, Nevada, USA

1.4. Компания надлежащим образом уполномочена Комитетом Международного финансового центра "Астана" по регулированию финансовых услуг (далее – "**AFSA**") на оказание регулируемых инвестиционных услуг на рынке ценных бумаг.

1.5. **Лицензия № AFSA-A-LA-2020-0019** (далее – "**Лицензия**") выдана AFSA на оказание следующих

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Осы Бағалы қағаздар нарығында брокерлік (агенттік) қызметтер көрсету регламенті (бұдан әрі – "**Регламент**") **Freedom Finance Global PLC** (бұдан әрі – "**Компания**") компаниясының жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – "**Клиент**") брокерлік (агенттік) қызметтерді ұсыну тәртібі мен талаптарын айқындайды.

Осы Регламент ережелерінің Бөлшек клиенттерге қолданушылық талаптары Регламентке қосымшада белгіленген.

Осы Регламент ережелерінің Кәсіби клиенттерге қолданушылық талаптары Регламентке 10 қосымшада анықталған.

Бұдан әрі осы Регламенттің мәтіні бойынша Компания мен Клиент бөлек-бөлек «Тарап», ал бірге «Тараптар» деп аталады.

Компания туралы жалпы мәліметтер
Атауы: Freedom Finance Global PLC
Бизнес сәйкестендіру нөмірі: 200240900095
Тіркелген күні: 2020 жылғы 14 ақпан
Тіркеуші орган: «Астана» халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті

Компанияның байланыс деректері:
Телефон: +7 7172 727555 немесе 7555 (барлық оператордан қоңырау шалу тегін)
E-mail: info@fbroker.kz
Веб-сайт: <https://fbroker.kz/>
Компанияның мекенжайы Компанияның <https://fbroker.kz/> веб сайтында қол жетімді

Компанияның акцияларының 100%-ы Freedom Holding Corp компаниясына тиесілі, ол мынадай: 1930 Village Ctr. Cir. #3-6972, Las Vegas, Nevada 89134, Nevada, USA мекенжайы бойынша тіркелген

«Астана» халықаралық қаржы орталығының Қаржылық қызметтер көрсетуді реттеу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – "**AFSA**") Компанияға бағалы қағаздар нарығында реттелетін инвестициялық қызметтер көрсетуге тиісінше уәкілеттік берген

№ AFSA-A-LA-2020-0019 лицензияны (бұдан әрі – "**Лицензия**") AFSA мынадай инвестициялық

- | | |
|---|---|
| инвестиционных услуг: | қызметтерді көрсетуге берді. |
| (1) Заключение сделок с инвестициями в качестве Принципала; | (1) Принципал ретінде инвестициялармен мәмілелер жасау; |
| (2) Заключение сделок с инвестициями в качестве Агента; | (2) Агент ретінде инвестициялармен жасау; |
| (3) Управление инвестициями; | (3) Инвестицияларды басқару; |
| (4) Предоставление консультаций по инвестициям; | (4) Инвестициялар бойынша консультация беру; |
| (5) Организация сделок с инвестициями. | (5) Инвестициялармен мәмілелер ұйымдастыру. |
- 1.6. В соответствии с положениями настоящего Регламента Клиент имеет намерение инвестировать в ценные бумаги и другие финансовые инструменты на финансовых рынках в соответствии с применимым правом.
- Осы Регламенттің ережесіне сәйкес Клиент қолданыстағы құқыққа сәйкес бағалы қағаздарға және қаржы нарықтарындағы басқа да қаржы құралдарына инвестициялауға ниетті.
- 1.7. Клиент назначает Компанию своим агентом, предоставляет все полномочия действовать в соответствии с инструкциями и поручениями Клиента (далее – "**Поручение**" или "**Поручения**") и положениями настоящего Регламента (если иное не предусмотрено применимым законодательством), и Клиент обязуется предпринимать все разумные и необходимые действия при реализации своих прав и обязанностей согласно положениям настоящего Регламента.
- Клиент Компанияны өзінің агенті етіп тағайындайды, Клиенттің нұсқаулықтары мен тапсырмаларына (бұдан әрі – "**Тапсырма**" немесе "**Тапсырмалар**") және осы Регламенттің ережесіне (егер қолданыстағы заңнамада өзгеше көзделмесе) сәйкес іс-қимыл жасауға барлық өкілеттікті береді және Клиент осы Регламенттің ережесіне сәйкес өз құқықтары мен міндеттерін іске асыру кезінде барлық қисынды және қажетті іс-қимылдарды қолдануға міндеттенеді.
- 1.8. Клиент подтверждает свою дееспособность и правоспособность для подписания заявления о присоединении к настоящему Регламенту, а также свою осведомленность о нормативно-правовых актах, действующих на территории страны своего проживания, в отношении законности действий, совершаемых в соответствии с настоящим Регламентом.
- Клиент осы Регламентке қосылу туралы өтінішке қол қою үшін өзінің әрекетке қабілеттілігі мен құқық қабілеттілігін, сондай-ақ осы Регламентке сәйкес жасалатын іс-қимылдардың заңдылығына қатысты өзі тұратын елдің аумағында қолданылатын нормативтік-құқықтық актілер туралы өзінің хабардарлығын растайды
- 1.9. Компания предоставляет доступ к финансовым рынкам в различных юрисдикциях и финансовым инструментам, находящимся в таких юрисдикциях или выпущенным в соответствии с законодательством таких юрисдикций. Клиент подтверждает, что он будет соблюдать законодательство Международного финансового центра "Астана" (далее – "**МФЦА**"), законодательство страны проживания Клиента, и законодательство страны, гражданином которой
- Компания әртүрлі юрисдикциялардағы қаржы нарықтарына және осындай юрисдикциялардағы немесе осындай юрисдикциялардың заңнамасына сәйкес шығарылған қаржы құралдарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Клиент «Астана» халықаралық қаржы орталығының (бұдан әрі – "**АХҚО**") заңнамасын, Клиент тұратын елдің заңнамасын және Клиент азаматы болып табылатын елдің заңнамасын сақтайтынын растайды.

является Клиент.

Сделки на регулируемых рынках совершаются согласно законодательству страны нахождения регулируемого рынка и в соответствии с правилами, нормативами, договорами соответствующих регуляторов рынка и организаторов торгов на рынке капитала.

- 1.10. Опубликование Регламента на официальном сайте Компании должно рассматриваться всеми заинтересованными лицами как приглашение делать оферты Компании в целях заключения договора оказания брокерских (агентских) услуг на рынке ценных бумаг (далее – «**Договор**») на условиях, установленных настоящим Регламентом, а также иных договоров, заключение которых предусмотрено Регламентом.

Настоящий Регламент не является публичным предложением (офертой) Компании на заключение Договора. Компания вправе по своему усмотрению отказать любому заинтересованному лицу в присоединении к Регламенту и заключении Договора.

Под офертой понимается Заявление о присоединении к Регламенту по форме Приложения 1 к настоящему Регламенту (далее – «**Заявление**»), подписанное и предоставленное заинтересованным лицом Компании с соблюдением положений Регламента и содержащее предложение такого заинтересованного лица заключить с Компанией Договор на условиях, определенных настоящим Регламентом, и стать Клиентом Компании. Заключение Договора осуществляется путем присоединения заинтересованного лица (потенциального Клиента) к настоящему Регламенту. Настоящий Регламент и подписанное Клиентом Заявление представляют собой единый Договор между Сторонами и являются его неотъемлемыми частями.

Акцепт Компанией оферты будет считаться совершенным, а Договор между Сторонами заключенным только после прохождения Клиентом идентификации и открытия торгового счета (далее – «**Счет**») Клиенту Компанией. Подтверждением открытия торгового счета является предоставление Компанией Клиенту любым из способов обмена сообщениями, предусмотренных Регламентом, информации об открытии Клиенту Счета.

Реттелетін нарықтардағы мәмілелер реттелетін нарықтың орналасқан елінің заңнамасына сәйкес және тиісті нарық реттеушілерінің және капитал нарығындағы сауда-саттықты ұйымдастырушылардың қағидаларына, нормативтеріне, шарттарына сәйкес жасалады.

Барлық мүдделі адам Компанияның ресми сайтында Регламенттің жарияланғанын осы Регламентте белгіленген талаптарда, сондай-ақ жасасу Регламентте көзделген өзге де шарттарды жасасу мақсатында бағалы қағаздар нарығында брокерлік (агенттік) қызметтер көрсету шартын (бұдан әрі – «**Шарт**») жасау мақсатында Компанияның оферталарын жасауға шақыру ретінде қарауға тиіс.

Осы Регламент Компанияның Шарт жасасуға жария ұсынысы (оферта) болып табылмайды. Компания кез келген мүдделі адамға Регламентке қосылудан және Шарт жасасудан өз қалауы бойынша бас тартуға құқылы.

Оферта деп Регламент ережесін сақтай отырып, Компанияның мүдделі адамы қол қойып, ұсынған және осындай мүдделі адамның осы Регламентте айқындалған талаптарда Компаниямен Шарт жасасу және Компанияның клиенті болу ұсынысы қамтылған осы Регламентке 1-қосымшаның үлгісі бойынша Регламентке қосылу туралы өтініш (бұдан әрі – «**Өтініш**») түсініледі. Шарт жасасу мүдделі адамның (әлеуетті Клиенттің) осы Регламентке қосылуы жолымен жүзеге асырылады. Осы Регламент және Клиент қол қойған Өтініш Тараптар арасындағы бірыңғай Шартты білдіреді және оның ажырамас бөліктері болып табылады.

Клиент сәйкестендіруден өтіп, Компания Клиентке сауда шотын (бұдан әрі – «**Шот**») ашқаннан кейін ғана Компанияның офертаны акцепті жасалған деп есептеледі, ал Тараптар арасындағы Шарт жасалған деп есептеледі. Компанияның Клиентке Регламентте көзделген хабар алмасудың кез келген тәсілдерімен Клиентке Шот ашу туралы ақпаратты ұсынуы сауда шотының ашылғанын растау болып табылады.

Договор считается заключенным в дату открытия Клиенту Счета в Компании и действует до момента его расторжения в порядке, установленном в Регламенте.

При согласовании с Компанией Договор, заключаемый между Сторонами, может быть также оформлен в виде двустороннего письменного соглашения, включающего в себя отдельные условия Регламента, а также иные согласованные Сторонами условия.

Стороны вправе заключать двухсторонние соглашения, изменяющие и/или дополняющие отдельные положения Регламента. Такое двустороннее соглашение может быть заключено Сторонами как в момент присоединения Клиента к настоящему Регламенту (при заключении Договора), так и после заключения Договора в течение срока его действия в соответствии с положениями раздела 21 настоящего Регламента.

1.11. Клиент подписывает Заявление лично (всеми доступными способами, включая, но не ограничиваясь, электронной подписью или посредством смс кода, направляемого на авторизованный мобильный номер Клиента) или через своего представителя (только для юридических лиц), действующего на основании документа, подтверждающего полномочия представителя Клиента на совершение операций с деньгами и (или) иным имуществом от имени клиента, в том числе на подписание документов клиента.

1.12. До подписания Заявления Клиент обязуется детально ознакомиться и убедиться, что понимает каждый пункт настоящего Регламента и приложений к нему.

1.13. Если какое-нибудь положение настоящего Регламента является недействительным или станет таковым, оно не влечет за собой недействительности каких-либо иных положений настоящего Регламента и недействительности Регламента в целом.

1.14. Настоящий Регламент составлен на русском и английском языках. В случае расхождения русского и английского текстов приоритет имеет текст,

Шарт Клиентке Компанияда шот ашылған күні жасалған болып есептеледі және ол Регламентте белгіленген тәртіппен бұзылған сәтке дейін қолданылады.

Компаниямен келісу кезінде Тараптар арасында жасалатын Шарт Регламенттің жекелеген талаптарын, сондай-ақ Тараптар келіскен өзге де талаптарды қамтитын екіжақты жазбаша келісім түрінде ресімделуі мүмкін.

Тараптар Регламенттің жекелеген ережесін өзгертетін және/немесе толықтыратын екіжақты келісімдер жасасуға құқылы. Тараптар мұндай екіжақты келісімді Клиент осы Регламентке қосылған сәтте де (Шарт жасасу кезінде), сондай-ақ осы Регламенттің 21-бөлімінің ережесіне сәйкес оның қолданылу мерзімі ішінде Шарт жасасқаннан кейін де жасасуы мүмкін.

Клиент Өтінішке жеке өзі (Клиенттің авторландырылған ұялы нөміріне жіберілетін электрондық қолтаңбаны немесе смс кодты қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, барлық қолжетімді тәсілмен) немесе клиенттің атынан ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға, оның ішінде клиенттің құжаттарына қол қоюға Клиент өкілінің өкілеттігін растайтын құжат негізінде іс-қимыл жасайтын өзінің өкілі (тек заңды тұлғалар үшін) арқылы қол қояды.

Клиент Өтінішке қол қойғанға дейін осы Регламенттің әрбір тармағымен және оған қосымшалармен егжей-тегжейлі танысып шығуға және оларды түсінетініне көз жеткізуге міндеттенеді.

Егер осы Регламенттің қандай да бір ережесі жарамсыз болып табылса немесе оған айналса, ол осы Регламенттің қандай да бір өзге ережесінің жарамсыздығына және Регламенттің жалпы жарамсыздығына әкеп соқпайды.

Осы Регламент орыс және қазақ тілдерінде жасалған. Орыс және қазақ тіліндегі мәтіндері әртүрлі оқылған жағдайда, орыс тілінде жасалған

составленный на английском языке. Толкование терминов и юридических понятий, содержащихся в настоящем Регламенте, соответствует терминам и понятиям действующего законодательства и правовой практики МФЦА.

мәтін басым күшке ие болады. Осы Регламенттегі терминдер мен заңды ұғымдарды түсіндіру АХҚО-ның қолданыстағы заңнамасы мен құқықтық практикасының терминдері мен ұғымдарына сәйкес келеді.

1.15. Настоящий Регламент регулируется законодательством МФЦА.

Осы Регламент АХҚО-ның заңнамасында реттеледі.

2 ФИНАНСОВЫЕ УСЛУГИ КОМПАНИИ

КОМПАНИЯНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРІ

2.1. Компания оказывает Клиенту брокерские (агентские) услуги на регулируемых и / или на нерегулируемых ("внебиржевые" ("ОТС") сделки) финансовых рынках (далее также – "Услуга" или "Услуги").

Компания Клиентке реттелетін және / немесе реттелмейтін («биржадан тыс» («ОТС») мәмілелер) қаржы нарықтарында (бұдан әрі – «Көрсетілетін қызмет» немесе «Көрсетілетін қызметтер») брокерлік (агенттік) қызметтер көрсетеді.

Регулируемый рынок – многосторонняя система, регулируемая или управляемая оператором рынка, которая:

Реттелетін нарық - нарық операторы реттейтін немесе басқаратын көпжақты жүйе:

- сводит вместе или обеспечивает сведение интересов третьих лиц по купле-продаже финансовых инструментов, и
- в рамках которой в соответствии с нормами, не являющимися диспозитивными, происходит совершение сделок с финансовыми инструментами, допущенными к торгам согласно соответствующим правилам;
- должна функционировать непрерывно и подчиняться соответствующим положениям законодательства.

- қаржы құралдарын сатып алу-сату бойынша үшінші тұлғалардың мүддесін біріктіреді немесе хабардар етуді қамтамасыз етеді, және
- оның шеңберінде диспозитивті болып табылмайтын нормаларға сәйкес тиісті қағидаларға сәйкес сауда-саттыққа жіберілген қаржы құралдарымен мәмілелер жасалады;
- үздіксіз жұмыс істеуі және заңнаманың тиісті ережесіне бағынуы тиіс.

Внебиржевая сделка (ОТС – over the counter) – это сделка с финансовым инструментом (акция, облигация, депозитарная расписка), заключённая сторонами не через регулируемый рынок.

Биржадан тыс мәміле (ОТС – over the counter) - тараптар реттелетін нарық арқылы жасамаған қаржы құралымен жасалған мәміле (акция, облигация, депозитарлық қолхат).

2.2. Для целей данного Регламента под "портфелем" подразумевается все денежные средства и финансовые инструменты, принадлежащие Клиенту, находящиеся на Счете Клиента, открытом в Компании.

Осы Регламенттің мақсаттары үшін «портфель» Клиенттің Компанияда ашылған шотындағы Клиентке тиесілі барлық қаражат пен қаржы құралдарын білдіреді.

2.3. Компания вправе привлекать аффилированных или не аффилированных с Компанией лиц (далее – "Суб-брокеры") для исполнения всех или части своих обязательств по настоящему Регламенту на регулируемом рынке и/или на нерегулируемом рынке (ОТС) на условиях обслуживания,

Компания осы Регламент бойынша өз міндеттемелерінің барлығын немесе бір бөлігін реттелетін нарықта және/немесе реттелмейтін нарықта (ОТС) қосалқы брокерлер белгілейтін қызмет көрсету талаптарында орындау үшін Компаниямен үлестес немесе үлестес емес

устанавливаемых Суб-брокерами.

Суб-брокеры могут привлекаться Компанией для исполнения поручений Клиента на заключение сделок на международных рынках, сделок с иностранными финансовыми инструментами, а также на торговых площадках, на которых Компания не имеет прямого членства. При взаимодействии с Суб-брокерами Компания, подавая Суб-брокерам поручения на заключение сделок, необходимых для исполнения поручений Клиентов Компании, вправе как передавать конкретные поручения Клиентов для исполнения Суб-брокерам, так и агрегировать поручения Клиентов при направлении Суб-брокерам самостоятельных поручений на совершение сделок в соответствии с правилами обслуживания Суб-брокеров.

Во избежание сомнений, использование Компанией услуг Суб-брокеров, передача поручений Клиентов на исполнение Суб-брокерам или выставление Компанией агрегированных поручений Суб-брокерам для целей исполнения поручений Клиентов, не отменяет и не снимает с Компании ответственность, предусмотренную применимым регулированием и законодательством МФЦА за оказание Клиентам регулируемых услуг. Суб-брокеры не несут прямую ответственность перед Клиентами Компании за неисполнение или ненадлежащее исполнение поручений Клиентов, направленных Компании. Компания самостоятельно несет ответственность за оказание регулируемых услуг Клиентам в рамках Договора и в соответствии с требованиями лицензии Компании и положениями законодательства МФЦА.

Клиент подтверждает свою осведомленность о привлечении Компанией Суб-брокеров, информация о которых раскрыта Компанией (с указанием наличия или отсутствия аффилированности с Компанией и их юрисдикций) на вебсайте Компании: <https://fbroker.kz/>.

Клиент понимает и признает, что в случае, если Компания передает исполнение своих обязательств по настоящему Регламенту аффилированному Суб-

тұлғаларды (бұдан әрі – «Қосалқы брокерлер») тартуға құқылы.

Компания Қосалқы брокерлерді халықаралық нарықтарда мәмілелер, шетелдік қаржы құралдарымен, сондай-ақ Компания тікелей мүшелігі жоқ сауда алаңдарында мәмілелер жасасуға Клиенттің тапсырмаларын орындау үшін тарта алады. Компания Қосалқы брокерлермен өзара іс-қимыл жасау кезінде Қосалқы брокерлерге Компания Клиенттерінің тапсырмаларын орындау үшін қажетті мәмілелер жасасуға тапсырмалар бере отырып, Клиенттердің нақты тапсырмаларын Қосалқы брокерлерге орындау үшін беруге де, сондай-ақ Қосалқы брокерлерге қызмет көрсету қағидаларына сәйкес Қосалқы брокерлерге мәмілелер жасауға дербес тапсырмаларды жіберу кезінде Клиенттердің тапсырмаларын біріктіруге де құқылы.

Күмәнді болдырмау үшін Компанияның Қосалқы брокерлердің қызметтерін пайдалануы, Клиенттердің тапсырмаларын Қосалқы брокерлерге орындауға беруі немесе Компанияның Клиенттердің тапсырмаларын орындау мақсатында Қосалқы брокерлерге жиынтық тапсырмалар беруі Клиенттерге реттелетін қызметтер көрсеткені үшін АХҚО-ның қолданыстағы реттеуі мен заңнамасында көзделген жауапкершіліктің күшін жоймайды және Компаниядан алып тастамайды. Қосалқы брокерлер Компанияның Клиенттері алдында Компанияға жіберілген Клиенттердің тапсырмаларын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тікелей жауап бермейді. Компания Шарт шеңберінде және Компания лицензиясының талаптарына және АХҚО заңнамасының ережесіне сәйкес Клиенттерге реттелетін қызметтер көрсетуге дербес жауапты болады.

Клиент Компанияның Қосалқы брокерлерді (Компаниямен және олардың юрисдикциясымен үлестестігінің бар-жоғын немесе болмауын көрсете отырып) тартқаны туралы өзінің хабардар екендігін растайды, Компания аталған брокерлер туралы ақпаратты Компанияның <https://fbroker.kz/> веб-сайтында жария еткен.

Егер Компания осы Регламент бойынша өз міндеттерінің орындалуын үлестес Қосалқы брокерлерге берген жағдайда, мұндай берудің

брокеру, такая передача может привести к конфликту интересов между Компанией и/или соответствующим аффилированным Суб-брокером и Клиентом. При этом в таком случае Компания в соответствии с требованиями применимого законодательства предпримет все необходимые меры по предотвращению риска нанесения ущерба интересам Клиента, а в случае неэффективности таких мер – уведомит об этом Клиента.

2.4. Клиент понимает и признает, что Компания не обязана предоставлять Клиенту консультации по юридическим, налоговым и/или инвестиционным вопросам. Клиент признает, что Компания обслуживает его Счет исключительно на основании подписываемых им соглашений, договоров и заявлений.

2.5. Помимо Услуг, определенных в пункте 2.1. выше, которые Компания оказывает в рамках лицензии на (i) заключение сделок с инвестициями в качестве Принципала и (ii) заключение сделок с инвестициями в качестве Агента, Компания также вправе оказывать отдельные виды услуг в отношении цифровых финансовых активов на условиях, определенных в Приложении 14 к настоящему Регламенту.

3 КЛАССИФИКАЦИЯ КЛИЕНТОВ

3.1. В соответствии с требованиями Правил ведения бизнеса МФЦА, на основе информации, предоставляемой Клиентом, Компания должна провести классификацию Клиента в отношении предлагаемых ему продуктов и услуг. Принимая условия настоящего Регламента, Клиент признает и подтверждает, что он ознакомился, понимает и согласен со способом классификации клиентов, информация о котором представляется Компанией во время присоединения Клиента к Регламенту в соответствии с Приложением 5 к настоящему Регламенту.

4 СЧЕТ КЛИЕНТА

4.1. С целью совершения операций с финансовыми инструментами, предлагаемых Компанией, Компания открывает Счет Клиенту. Для открытия Счета Клиент должен заполнить Анкету, подписать Заявление о присоединении к настоящему Регламенту/подписать брокерский договор и предоставить Компании все необходимые

Компания және/немесе тиісті үлестес Қосалқы брокерлердің және Клиенттің арасындағы мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін екендігін түсінеді және мойындайды. Бұл ретте, мұндай жағдайда Компания қолданыстағы заңның талаптарына сәйкес Клиенттің мүддесіне залал келтіру тәуекелінің алдын алу бойынша барлық қажетті шараны қабылдайды, ал мұндай шаралар тиімді болмаған жағдайда ол туралы Клиентті хабардар етеді.

Клиент Компанияның Клиентке заңды, салықтық және/немесе инвестициялық мәселелер бойынша консультация беруге міндетті емес екенін түсінеді және мойындайды. Клиент Компания өзінің Шотына тек өзі қол қойған келісімдер, шарттар мен өтініштер негізінде қызмет көрсететінін мойындайды.

Жоғарыда 2.1-тармақта айқындалған, Компания (I) Принципал ретінде инвестициялармен мәмілелер жасасуға және (ii) Агент ретінде инвестициялармен мәмілелер жасасуға лицензия шеңберінде көрсететін Қызметтерден басқа, Компания осы Регламентке 14-қосымшада айқындалған талаптарда цифрлық қаржы активтеріне қатысты қызметтердің жекелеген түрлерін де көрсетуге құқылы.

КЛИЕНТТЕРДІ ЖІКТЕУ

АХҚО-ның Бизнес жүргізу қағидаларының талаптарына сәйкес, Клиент ұсынатын ақпарат негізінде Компания Клиентке ұсынылатын өнімдер мен көрсетілетін қызметтерге қатысты оны жіктеуді жүргізуі тиіс. Клиент осы Регламенттің талаптарын қабылдай отырып, клиенттерді жіктеу тәсілімен танысып шыққанын, түсінетінін және келісетінін мойындайды және растайды, Компания ол туралы ақпаратты осы Регламентке 5-қосымшаға сәйкес Клиенттің Регламентке қосылуы кезінде ұсынады.

КЛИЕНТТІҢ ШОТЫ

Компания ұсынатын қаржы құралдарымен операциялар жасау мақсатында Компания Клиентке Шот ашады. Шот ашу үшін Клиент Сауалнама толтыруы, осы Регламентке Қосылу туралы өтінішке қол қоюы/брокерлік шартқа қол қоюы және Компанияға барлық қажетті құжатты ұсынуы тиіс. Компания өзінің ресми вебсайтында Клиент Шот

документы. Компания вправе опубликовать на своем официальном вебсайте список документов, которые Клиенту необходимо предоставить Компании для открытия Счета. Компания вправе вносить изменения в указанный список и/или запросить любые дополнительные документы, необходимые ей для открытия Счета Клиенту, в том числе не указанные в списке документов, опубликованном на вебсайте Компании.

- 4.2. После рассмотрения сведений и документов, предоставленных Клиентом, Компания извещает Клиента о своем решении об открытии Счета.

В случае, если предоставленные Клиентом документы не удовлетворяют установленным требованиям, Компания имеет право отказать Клиенту в открытии и ведении Счета, о чем обязана письменно уведомить Клиента.

После открытия Счета Клиент обязуется самостоятельно отслеживать актуальность предоставленных Компании документов и сведений и при необходимости своевременно предоставлять их обновленные версии. Компания вправе исходить из презумпции того, что все документы и сведения, предоставленные Клиентом, являются актуальными, достоверными и соответствуют действительности. Компания не несет ответственности за любые негативные последствия финансового и (или) нефинансового характера, возникшие в связи с предоставлением Клиентом неактуальных или недостоверных документов и сведений, а также в связи с их не обновлением.

- 4.3. При открытии Счета Клиенту автоматически открывается специальный субсчет с целью предоставления возможности Клиенту перевести на него остатки денежных средств (далее – **“Специальный субсчет”**).

Получение вознаграждения Клиентом по Специальному субсчету осуществляется в соответствии с Приложением 6 к Регламенту.

Участие Клиента в отдельных видах сделок указанных в Приложении 6 к Регламенту (далее – **“Отдельные сделки”**) осуществляется по желанию Клиента. За открытие и сопровождение Специального субсчета плата Компанией не взимается. Перевод денежных средств на

ашу үшін Компанияға ұсынуы тиіс құжаттардың тізімін жариялауға құқылы. Компания көрсетілген тізімге өзгерістер енгізуге және/немесе оған Клиентке Шот ашуы үшін қажетті кез келген қосымша құжаттарды, оның ішінде Компанияның веб-сайтында жарияланған құжаттардың тізімінде көрсетілмеген құжаттарды сұратуға құқылы.

Клиент ұсынған мәліметтер мен құжаттарды қарағаннан кейін Компания Клиентке Шот ашу туралы өзінің шешімі туралы хабарлайды.

Егер Клиент ұсынған құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, Компания Клиентке Шот ашудан және жүргізуден бас тартуға құқылы, бұл туралы Клиентке жазбаша хабарлауға міндетті.

Клиент Шот ашқаннан кейін Компанияға ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің өзектілігін дербес бақылауға және қажет болған жағдайда олардың жаңартылған нұсқаларын уақтылы ұсынуға міндеттенеді. Компания Клиент ұсынған барлық құжат пен мәліметтер өзекті, дәйекті және шындыққа сәйкес келеді деген болжам жасауға құқылы. Компания Клиенттің өзекті емес немесе дәйексіз құжаттар мен мәліметтерді ұсынуына байланысты, сондай-ақ олардың жаңартылмауына байланысты туындаған қаржылық және (немесе) қаржылық емес сипаттағы кез келген теріс салдары үшін жауап бермейді.

Шотты ашқан кезде Клиентке қаражаттың қалдығын аударуға мүмкіндік беру мақсатында Клиентке арнайы қосалқы D шотын (бұдан әрі – **«Арнайы қосалқы шот»**) автоматты түрде ашылады.

Клиенттің Арнайы қосалқы шот бойынша сыйақы алуы Регламентке 6-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Клиенттің Регламентке 6-қосымшада көрсетілген мәмілелердің жекелеген түрлеріне қатысуы (бұдан әрі – **«Жекелеген мәмілелер»**) Клиенттің қалауы бойынша жүзеге асырылады. Компания Арнайы қосалқы шотты ашқаны және қолдау көрсеткені үшін ақы алмайды. Арнайы қосалқы шотқа қаражат

Специальный субсчет является выражением согласия участия в Отдельных сделках. Механизм реализации Отдельных сделок и порядок начисления вознаграждения указаны в Приложении 6 к настоящему Регламенту.

Клиент не может использовать Специальный субсчет с целью совершения операций с финансовыми инструментами на финансовых рынках, а также использовать Специальный субсчет для совершения платежей в пользу третьих лиц.

Переводя свои денежные средства на Специальный субсчет, Клиент тем самым дает согласие на использование денежных средств, находящихся на его Специальном субсчете, для осуществления операций в рамках реализации Отдельных сделок до момента их востребования Клиентом.

В случаях, когда на Специальном субсчете образуется отрицательный остаток, Компания вправе и уполномочена Клиентом на восстановление положительного баланса по Специальному субсчету путем перевода денежных средств со Счета Клиента.

- 4.4. Клиент вправе пополнить Счет в каждой из следующих валют: тенге, российские рубли, доллары США и Евро.

Клиент вправе пополнить Специальный субсчет в валютах указанных в Приложении 6 к Регламенту.

- 4.5. Каждый Счет имеет неторговый раздел (далее - **«Неторговый раздел Счета»**), предназначенный для учета финансовых инструментов Клиента, не обращающихся на Регулируемом рынке и на организованных торгах (внебиржевых финансовых инструментов). Компания вправе отменить, отказать в приеме и/или в исполнении Поручений на совершение торговых операций с финансовыми инструментами, учитываемыми на Неторговом разделе Счета. Компания не несет ответственность за корректность отображения и за обновление информации о стоимости финансовых инструментов, учитываемых на Неторговом разделе Счета Клиента. Компания не гарантирует возможность реализации финансовых инструментов, не обращающихся на Регулируемом рынке.

Во избежание сомнений, в случаях, когда ранее

аудару Жекелеген мәмілелерге қатысуға келісімнің көрінісі болып табылады. Жекелеген мәмілелерді іске асыру тетігі және сыйақыны есептеу тәртібі осы Регламентке 6-қосымшада көрсетілген.

Клиент қаржы нарықтарында қаржы құралдарымен операциялар жасау мақсатында Арнайы қосалқы шотты пайдалана алмайды, сондай-ақ үшінші тұлғалардың пайдасына төлемдер жасау үшін Арнайы қосалқы шотты пайдалана алмайды.

Клиент өзінің қаражатын Арнайы қосалқы шотқа аударып, өзі өзінің Арнайы қосалқы шотындағы қаражатты талап еткен сәтке дейін Жекелеген мәмілелерді іске асыру шеңберінде операцияларды жүзеге асыру үшін оның пайдаланылуына келісім береді.

Арнайы қосалқы шотта теріс қалдық пайда болған жағдайларда, Компания Клиенттің Шотынан қаражатты аудару жолымен Арнайы қосалқы шот бойынша оң теңгерімді қалпына келтіруге құқылы және Клиент уәкілеттік берген.

Клиент мынадай: теңге, ресей рублі, АҚШ доллары және Еуро валюталарының әрқайсысында Шотты толтыруға құқылы.

Клиент Регламентке 6-қосымшада көрсетілген валюталардағы Арнайы қосалқы шотты толтыруға құқылы.

Әрбір Шоттың Реттелетін нарықта және ұйымдастырылған сауда-саттықта (биржадан тыс қаржы құралдарында) айналысқа түспейтін Клиенттің қаржы құралдарын есепке алуға арналған саудаға жатпайтын бөлімі (бұдан әрі - **«Шоттың саудаға жатпайтын бөлімі»**) болады. Компания Шоттың саудаға жатпайтын бөлімінде ескерілетін қаржы құралдарымен сауда операцияларын жасауға арналған Тапсырмалардың күшін жоюға, қабылдаудан және/немесе орындаудан бас тартуға құқылы. Компания көрсетілген мәліметтің дұрыстығына және Клиенттің Шотының Саудаға жатпайтын бөлімінде ескерілетін қаржы құралдарының құны туралы ақпаратты жаңартуға жауапты емес. Компания Реттелетін нарықта айналысқа түспейтін қаржы құралдарын сату мүмкіндігіне кепілдік бермейді.

Клиенттің Шотында ескерілетін бұған дейін

обращавшийся на Регулируемом рынке финансовый инструмент, учитываемый на Счете Клиента, перестает обращаться на организованных торгах (в результате делистинга, корпоративного события или иных обстоятельств вне контроля Компании) – Компания вправе самостоятельно определить порядок учета соответствующего финансового инструмента на Счете Клиента, в том числе Компания вправе (но не обязана) перевести учет такого инструмента на Неторговый раздел Счета Клиента.

4.6. В рамках оказания услуг по настоящему Регламенту Компания вправе самостоятельно принимать решение об открытии Клиенту Счетов в Компании и/или счетов у третьих лиц для учета активов клиентов Компании, в том числе Клиента. Клиент поручает Компании по своему усмотрению определять таких третьих лиц, а также количество, тип, цель и иные параметры указанных Счетов в Компании и/или счетов у третьих лиц.

4.7. Для целей настоящего Регламента под определением US persons (далее – американские инвесторы) понимается:

- 1) гражданин или резидент США;
- 2) партнерство, созданное или организованное в США или в соответствии с законодательством США или любого штата или округа Колумбия;
- 3) корпорация, созданная или организованная в США или в соответствии с законодательством США или любого штата или округа Колумбия;
- 4) любая компания по недвижимости или трастовая компания, кроме иностранной собственности или иностранного траста;
- 5) любое другое лицо, не являющееся иностранным лицом.

Термин «Гражданин США» понимается:

- 1) частное лицо, родившееся в США;
- 2) лицо, чей родитель является гражданином США;
- 3) иностранец, натурализованный как гражданин США;
- 4) частное лицо, родившееся в Пуэрто-Рико;
- 5) частное лицо, родившееся на Гуаме, или;
- 6) частное лицо, родившееся на Виргинских островах США.

Термин «резидент США» включает (помимо прочего) следующее:

- 1) гражданина США, включая частное лицо, родившееся в США, но проживающее в другой

Реттелетін нарықта айналыста болған қаржы құралы күмән тудырмау үшін, ұйымдастырылған саудасаттықта (делистинг, корпоративтік оқиға немесе Компанияның бақылауынан тыс өзге де мән-жайлар нәтижесінде) жүгінуді тоқтатқан жағдайда, Компания Клиенттің Шотындағы тиісті қаржы құралын есепке алу тәртібін дербес айқындауға құқылы, оның ішінде Компания мұндай құралдың есебін Клиенттің шотының саудаға жатпайтын бөліміне ауыстыруға құқылы (бірақ міндетті емес).

Осы Регламент бойынша қызмет көрсету шеңберінде Компания Клиентке Компанияда Шоттар ашу және/немесе Компания клиенттерінің, оның ішінде Клиенттің активтерін есепке алу үшін үшінші тұлғалардың шоттарын ашу туралы шешімді өз бетінше қабылдауға құқылы. Клиент Компанияға осындай үшінші тұлғаларды, сондай-ақ Компаниядағы аталған Шоттардың және/немесе үшінші тұлғалардағы шоттардың санын, түрін, мақсаты мен өзге де параметрлерді өзінің қалауы бойынша айқындауды тапсырады.

Осы Регламенттің мақсаттары үшін US persons (бұдан әрі – Америкалық инвесторлар) анықтамасы деп:

- 1) АҚШ азаматы немесе резиденті;
- 2) АҚШ-та немесе АҚШ немесе кез келген штаттың немесе Колумбия округінің заңнамасына сәйкес құрылған немесе ұйымдастырылған серіктестік;
- 3) АҚШ-та немесе АҚШ немесе кез келген штаттың немесе Колумбия округінің заңнамасына сәйкес құрылған немесе ұйымдастырылған корпорация;
- 4) шетелдік меншіктен немесе шетелдік сенімнен басқа кез келген жылжымайтын мүлік компаниясы немесе сенім компаниясы;
- 5) шетелдік тұлға болып табылмайтын кез келген басқа тұлға түсініледі.

«АҚШ азаматы» термині деп:

- 1) АҚШ-та туылған жеке тұлға;
- 2) ата-анасы АҚШ азаматы болып табылатын адам;
- 3) АҚШ азаматы ретінде азаматтық алған шетелдік;
- 4) Пуэрто-Рикоға туылған жеке тұлға;
- 5) Гуамада туылған жеке тұлға немесе;
- 6) АҚШ-тың Виргин аралдарында туылған жеке тұлға түсініледі.

«АҚШ резиденті» термині мыналарды қамтиды (басқалармен қатар):

- 1) АҚШ азаматы, оның ішінде АҚШ-та туылған, бірақ

стране (которое не отказалось от гражданства США);
2) лицо, проживающее в США, в том числе
обладателя грин-карты США;
3) некоторых лиц, которые ежегодно проводили в
США значительное количество дней.

4.8. Для целей налогообложения США резидентом США признается лицо, прошедшее тест на существенное присутствие в течение календарного года. Под существенным присутствием понимается физическое нахождение на территории США как минимум:

- 1) 31 день в течение текущего года, и
- 2) 183 дня в течение 3-летнего периода, включающего текущий год и 2 года непосредственно перед ним, считая:
- 3) все дни присутствия в текущем году, и 1/3 дней, в течение первого года, предшествующего текущему, и 1/6 дней, присутствия на втором году перед текущим годом.

4.9. В соответствии с требованиями законодательства США, в том числе Правил Комиссии по ценным бумагам и биржам США 15а-6, юридическим лицам – профессиональным участникам рынка ценных бумаг, не являющимся резидентами США, запрещено прямое взаимодействие с американскими инвесторами.

В случае принятия решения органами управления Компании о взаимодействии с американскими инвесторами, оно реализуется только при участии американского профессионального участника рынка ценных бумаг, зарегистрированного и соответствующего требованиям Комиссии по ценным бумагам и биржам США.

4.10. На основании отдельных нестандартных поручений Клиента, направляемых в соответствии с положениями, предусмотренными пунктами 6.12. - 6.13. настоящего Регламента, Компания вправе (но не обязана) открыть Клиенту специальный подраздел под Неторговым разделом Счета для осуществления учета отдельных видов финансовых инструментов, приобретенных через внебиржевые сделки по поручению Клиента (далее – Специальный подраздел). Условия открытия такого Специального подраздела Неторгового раздела Счета, а также порядок и условия совершения и учета внебиржевых операций с финансовыми инструментами на таком

басқа елде тұратын жеке тұлға (АҚШ азаматтығынан бас тартпаған);

2) АҚШ-та тұратын адам, оның ішінде АҚШ-тың грин картасы иегері;

3) АҚШ-та жыл сайын айтарлықтай күн өткізген кейбір адамдар.

АҚШ салық салу мақсатында күнтізбелік жыл ішінде елеулі қатысуға тест тапсырған адам АҚШ резиденті болып танылады. Елеулі қатысу дегеніміз АҚШ аумағында кем дегенде

1) ағымдағы жыл ішінде 31 күн, және

2) ағымдағы жылды қамтитын 3 жылдық кезең ішінде 183 күн және оның алдындағы 2 жыл, есептегенде:

3) ағымдағы жылдың барлық күні және ағымдағы жылдың алдындағы бірінші жыл ішінде 1/3 күн және ағымдағы жылдың алдындағы екінші жылы 1/6 күн нақты болу деп түсініледі:

АҚШ заңнамасының талаптарына, соның ішінде АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясының 15а-6 қағидаларына сәйкес, АҚШ резиденті болып табылмайтын бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар болып табылатын заңды тұлғаларға америкалық инвесторлармен тікелей қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Компанияның басқару органдары америкалық инвесторлармен өзара іс-қимыл туралы шешім қабылдаған жағдайда, ол АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясының тіркелген және талаптарына сәйкес келетін бағалы қағаздар нарығына америкалық кәсіби қатысушының қатысуымен ғана іске асырылады.

Осы Регламенттің 6.12-6.13–тармақтарында көзделген ережеге сәйкес жіберілетін Клиенттің жекелеген стандартты емес тапсырмаларының негізінде Компания Клиенттің тапсырмасы бойынша биржадан тыс мәмілелер арқылы сатып алынған қаржы құралдарының жекелеген түрлерін есепке алуды жүзеге асыру үшін Шоттың Саудаға жатпайтын бөлімімен Клиентке арнайы кіші бөлім (бұдан әрі - Арнайы кіші бөлім) ашуға құқылы (бірақ міндетті емес). Шоттың Саудаға жатпайтын бөлімінің осындай Арнайы кіші бөлімін ашу талаптары, сондай-ақ осындай Арнайы кіші бөлімде қаржы құралдарымен биржадан тыс

Специальном подразделе (включая применимые комиссии и тарифы) подлежат определению в отдельном письменном соглашении сторон, либо в условиях самого нестандартного поручения, направляемого Клиентом Компании в соответствии с положениями, предусмотренными пунктами 6.12. - 6.13. настоящего Регламента.

5 ОСНОВНЫЕ РИСКИ, СВЯЗАННЫЕ С ИНВЕСТИРОВАНИЕМ В ФИНАНСОВЫЕ ИНСТРУМЕНТЫ НА МЕЖДУНАРОДНЫХ ФИНАНСОВЫХ РЫНКАХ

5.1. Инвестиционные риски по облигациям / долгосрочным долговым обязательствам

5.1.1 Кредитный риск

Кредитоспособность должника должна учитываться при принятии инвестиционного решения. Необходимо обращать внимание на кредитные рейтинги (оценку платежеспособности должника), выпускаемые независимыми рейтинговыми агентствами.

5.1.2 Валютный риск

При продаже облигации до погашения стоимость ценных бумаг с фиксированной ставкой дохода может снизиться, если процентная ставка по облигациям с сопоставимым сроком обращения растет. И наоборот, облигации вырастут в цене, если процентная ставка по облигациям с сопоставимым сроком обращения снизится.

5.1.3 Риск ликвидности облигаций

На низколиквидном рынке существует риск невозможности продажи определенных облигаций, и их придется держать до погашения.

5.2. Инвестиционные риски по акциям

5.2.1 Рыночный риск

На стоимость акций влияют различные факторы, включая бизнес-направление соответствующей компании, рыночную конъюнктуру и политическую обстановку в целом.

5.2.2 Кредитный риск

Акционеры владеют долей в компании. Это означает, что их финансовые вложения могут оказаться бесполезными, особенно если компания становится банкротом.

5.2.3 Риск ликвидности акций

На низколиквидном рынке могут возникать риски,

операцияларды жасау және есепке алу тәртібі мен талаптары (қолданылатын комиссиялар мен тарифтерді қоса алғанда) тараптардың жекелеген жазбаша келісімінде не осы Регламенттің 6.12-6.13-тармақтарда көзделген ережелерге сәйкес Компанияның Клиенті жіберетін стандарттан тыс тапсырма жағдайларында айқындалуға жатады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ НАРЫҚТАРЫНДА ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАУҒА БАЙЛАНЫСТЫ НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР

Облигациялар/ұзақ мерзімді борыш міндеттемелері бойынша инвестициялық тәуекелдер

Кредиттік тәуекел

Борышкердің кредит төлеу қабілеттілігі инвестициялық шешім қабылдаған кезде ескерілуі тиіс. Тәуелсіз рейтингтік агенттіктер шығаратын кредиттік рейтингтерге (борышкердің төлем қабілеттілігін бағалауға) назар аудару қажет.

Валюталық тәуекел

Егер айналым мерзімі салыстырмалы облигациялар бойынша пайыздық мөлшерлеме өссе, облигацияны өтеуге дейін сатқан кезде, кіріс мөлшерлемесі тұрақты бағалы қағаздардың құны төмендеуі мүмкін. Керісінше, егер айналым мерзімі салыстырмалы облигациялар бойынша пайыздық мөлшерлеме төмендесе, облигациялар қымбаттайды.

Облигациялардың өтімділік тәуекелі

Өтімділігі төмен нарықта белгілі бір облигацияларды сата алмау қаупі бар және оларды өтеуге дейін ұстауға тұра келеді.

Акциялар бойынша инвестициялық тәуекелдер

Нарықтық тәуекел

Акциялардың құнына әртүрлі факторлар әсер етеді, соның ішінде тиісті компанияның бизнес бағыты, нарықтық жағдай және жалпы саяси жағдай.

Кредиттік тәуекел

Акционерлер компанияның үлестеріне ие. Бұл, әсіресе, егер компания банкротқа ұшыраса акционерлердің қаржылық салымдары пайдасыз болуы мүмкін дегенді білдіреді.

Акциялардың өтімділік тәуекелі

Өтімділігі төмен нарықта акцияларды елеулі

связанные с невозможностью продажи акций без существенных потерь (изменений стоимости актива).

шығынсыз (актив құнының өзгеруінсіз) сата алмауына байланысты тәуекел туындауы мүмкін.

5.3. Инвестиционные риски по инвестиционным фондам

Инвестициялық қорлар бойынша инвестициялық тәуекел

